



ATYRAU
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1 (145)
Наурыз, 2025 жыл



Ардақты аналар! Аяулы арулар!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Сіздерді шұғылалы көктемнің шуағын ала келетін, Алғыс айту күнінен кейінгі кезекті тамаша мерекелердің бірі, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл – университетіміздің 85 жылдық мерейтойы! Іргелі оқу ордамыздың бүгінгі биік белесін бағындыруға университетімізде еңбек етіп келе жатқан әйелдер қауымының еңбегі зор екенін мақтанышпен айта аламын. Сіздер жүректерге жылулық пен мейірім сыйлап, әлемді махаббатқа бөлеп келесіздер. Аяулы аналарымыз өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, жастарды еңбекқор, білімпаз болуға тәрбиелейді. Әйел-Аналар – қазіргі қазақ қоғамында нәзіктік пен әсемдіктің, биязылық пен сұлулықтың символы ғана емес, іскерлік пен белсенді өмір салтының бет-бейнесіне айналды. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде де ғылым мен білім беруді дамыту ісінде нәзік жанды әріптестеріміз қайсарлық пен табандылық танытып, қайраткерлік пен ұстаздық қызметтің абыройлы жүгін адал атқарып келеді. Қара шаңырағымызда еңбек ететін аналар мен арулар ғылыми өнертабыстарды ашып, шығармашылықта үлкен жетістіктерге жетіп, ұстаздық еңбекте биік белестерді бағындырып келеді. Атырау университеті әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, ұдайы қолдау көрсетіп келеді. Соның ішінде Отбасы институтын, көпбалалы аналарды, жас ғалымдарды қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді үнемі басшылыққа алып отырамыз. Аналарымыз бен аруларымыздың алаңсыз өмірі – ұлтымыздың жарқын болашағының кепілі. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Жандарыңыз жамандық көрмей, құшақтарыңыз гүлге, өмірлеріңіз сән-салтанаты мол күнге толсын! Жүздеріңіз қашан да жарқын, көңілдеріңіз шат, ғұмырларыңыз ұзақ та баянды, шығар тұғырларыңыз биік болғай!

Құрметпен:
Саламат ИДРИСОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет





«ПАРАСАТ САЛТАНАТЫ» КІТАБЫ ОҚЫРМАНМЕН ҚАУЫШТЫ

Халықаралық Ана тілі күні және Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығы аясында Атырау облысының Құрметті азаматы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп Өтегенұлының «Парасат салтанаты» кітабының тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, Атырау облыстық білім беру мекемелерінің өкілдері, профессор-оқытушылар мен студенттер салтанатты жиында Қадыр Өтегенұлының 65 жылдан астам уақытқа созылған ұстаздық және ғылыми жолына арналған бейнефильмді тамашалады.

Қадыр Өтегенұлы – Қазақстан Жазушылар Одағы мен Журналистер Одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, Атырау облысының Құрметті азаматы, академик Зейнолла Қабдоловтың шәкірті әрі ғылыми дәстүрін жалғастырушы. Ғалымның

зерттеулері, әсіресе, Жүмекен Нәжімеденовтің шығармашылығы, Махамбеттану мәселелері, Батыс Қазақстан жырауларының әдеби мұрасына қатысты еңбектері ұлттық әдебиеттануда маңызды орын алады.

– «Парасат салтанаты» еңбегі – тек бір тұлға туралы ғана емес, тұтас ұлттың рухани әлемі туралы толғаныс. Аталмыш туынды Атырау өңіріне, қазақ әдебиеті мен ғылымына еңбегі сіңген азаматтардың өмір жолын, халқына жасаған қызметін баяндайды. Сонымен қатар, кітапта өнер, әдебиет, білім саласына қатысты құнды мәліметтер қамтылған. Кітаптың ерекше бір тұсы – оның университетімізде ұзақ жылдар бойы басшылық қызмет атқарған, білім мен ғылым саласына зор үлес қосқан Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің 70 жылдық мерейтойына арналуы. Бұл – ұстаздық пен ғылым жолын ұштастыра білген

тұлғаға деген құрметтің белгісі деп білемін», – деді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов алғы сөзінде.

Іс-шара барысында университет студенттері ақынның өлеңдерін оқып, дәстүрлі өнерден шашу шашты. Әсіресе, «Адай» күйі мен халық әндері көрерменнің көңілін жадыратты.

Құнды жинақ – «Парасат салтанаты» еңбегінің лентасын кесу құрметіне Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, профессор Илья Жақанов, Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері Мұрат Өтешов, Атырау облысының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Мақсым Ізбасов пен университет ректоры Саламат Идрисов ие болды.

«Қазіргі жастарға Қадыр Жүсіптің әсері ерекше. Оның қазіргі қазақ әдебиетіндегі орны, ақындығы мен ғалымдығы бір

төбе. Жасына қарамастан лириканы төгілтіп, мөлдіретіп бере алып отыр», – деп профессор Илья Жақанов ағынан жарылса, Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері Мұрат Сақтайұлы «Сіздің «Парасат салтанаты» кітабыңызды «Парасат шеруі» десек те болады. Оның ішінде қазіргі жас ұрпаққа үлгі болар ұлы адамдардың өмірі, қасиеті кеңінен жазылған», – деп еңбектеі жоғары бағалады.

«Байлықты материалдық және рухани деп екі түрге ажыратамыз. Олар бір-біріңсіз дами алмайды. Дегенмен рухани байлықтың деңгейі жоғары болуы тиіс. Сондықтан Қадыр ағамыздың өз еңбектері арқылы рухани байлыққа көңіл бөлуі – қоғам мен елдің, салт-дәстүріміздің дамуына қосқан үлесі деп білеміз», – деп Атырау облысының Құрметті азаматы Мақсым Ізбасов жылы лебізін білдірді.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Баланы – жастан» деп нақыл сөз қалдырған ұлтымызда тәрбие мәселесі ең өзекті тақырыптардың бірі екені бесенеден белгілі. Болашақ саналы ұрпақты қалыптастыру бүлдіршендерді балабақшадан бастап білімге, тәрбиеге баулу ісіне тікелей байланысты. Бұл – өз кезегінде қазіргі заманның басты талабы. Осы орайда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің II республикалық слеті өтті.

Мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелерін талқылау және инновациялық дамуын қамтамасыз ету, жаңа білім беру әдістемелерін енгізу, сондай-ақ педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған слетке Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының, жоғары оқу орындарының, білім басқармалары өкілдері мен мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары қатысты.

Жиынды ашып берген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов: «Бүгінгі басқосу білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Мектепке

дейінгі білім беру мен тәрбие баланың берік іргетасын қалайтын негізгі кезең. Сондықтан осы салада қызмет етіп жүрген педагогтардың кәсіби шеберлігі ұрпақ тәрбиесіндегі басты факторлардың бірі», – деді

Слет жұмысында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты директоры Мария Ерманова, Атырау облысы білім беру басқармасы әдістемелік орталығының инклюзивті және арнайы білім беру бөлімінің басшысы Гүлжанар Кубиева, «Сенім» элитарлық мектеп-балабақша кешенінің директоры Гүлмира Мұқанова, N43 «Арман» бөбекжай-бақшасының директоры Гүлбаршын Қарабасова, Атырау қаласы NNEF қоғамдық қорының филиалы «Мирас»

бөбекжай-бақшасының әдіскері Тойған Жарбо-сынова және онлайн қосылған А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының профессоры Елена Ли, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры Ақгүл Жұбандықова, ECERS Qazaqstan қауымдастығының президенті, мектепке дейінгі білім беру сапасы бойынша халықаралық сарапшы Гаухар Киікова сынды кәсіби мамандар баяндамалар жасады.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары туралы Балаларды ерте дамыту институты директоры Мария Ерманова: «Біріншіден, отбасында, мектепке дейінгі ұйымда бала өмірінің қауіпсіздігін қамтасыз ету және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту арқылы ерте жастан бастап балаларға тең бастапқы мүмкіндіктер беру ең басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігін арттыру арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту да басым бағыттарға жатады», – деді. Сонымен қатар, спикер қазақ тілінде білім алушылардың өз ойларын еркін, ауызша және жазбаша жеткізе алуын қамтамасыз ететін «Тілге бойлау» жобасы жұмыс жасап жатқандығын атап өтті.

Бұдан бөлек, салаға қарасты отандық сарапшылар мен тәжірибелі мамандар мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын жақсартудың заманауи әдістерін, инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу тәжірибесін, инклюзивті білім беруді дамыту жолдарын және жасанды интеллекттің кәсіби даму мүмкіндіктерін сөз етті.

«2024 жылы маусым айында Ақтөбе қаласындағы «Рауан» балабақшасы ECERS бойынша мини-малды сапасынан артық балл алды. Ал 2025 жылдың қаңтар айында «Академия детства» балабақшасы Қазақстанда алғашқы рет аталмыш индикатор бойынша 5.1 балға жетті», – деді ECERS Qazaqstan қауымдастығының Президенті Гаухар Киікова.

Іс-шара соңында слетке қатысқан спикерлерге Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов атынан алғыс хаттар табыс етілді.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ



«Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелділігінің өзекті мәселелері». Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осындай атаумен форсайт сессия өтті.

Форсайт сессияға «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігі өңірлік филиалдарының директорлары (онлайн), «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РҚБ Атырау облысы филиалының кеңес мүшелері, квазимемлекеттік сектор өкілдері, ЖОО өкілдері қатысты.

«Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау – күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Форсайт сессияның мақсаты – мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу, мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерінің болашақтағы ортақ пайымын және азаматтық қоғамды дамыту жолдарын құру, мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау. Бүгінгі форсайт сессияда баяндамалардағы кейстерден жақсы талқылау болады деп үміттенеміз», – деді алғы сөзінде секциялық мәжіліс модераторы, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РҚБ Атырау облысы бойынша филиалының төрағасы Саламат Идрисов.

«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РҚБ

төрағасының орынбасары Бейбіт Мамраев пен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Ерулан Серікқалиев құттықтау сөз сөйлеп, іс-шараның маңыздылығын атап өтсе, бес спикер тақырып төңірегінде өзекті мәселелерді талқылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Заң сатып алу процесінің рәсімдерін оңтайландыруды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуді және бәсекелестікті дамытуды көздейді. Прокуратура органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша бақылау жүргізеді. Сондықтан мемлекеттік сатып алу туралы заң аясында бірнеше жұмыстар жүргізді: мемлекеттік сатып алу саласындағы 17 млрд теңге жұмсалуды заңсыз деп табылып, бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалуда жол берілмеді», – деп баяндамасында толымды ақпаратымен бөлісті Атырау облысы прокурорының аға көмекшісі Саид Ажмұхамедов.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасындағы өзгерістер туралы мәлімдеген «2025 жылдың 1 қаңтарын бастап қолданысқа енгізілген жаңа мемлекеттік сатып алу туралы заңның негізгі жаңашылдықтарының бірі – сатып

алу процесін жеңілдету және қысқарту. Бұл ретте сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру, комиссия құрамын айқындау және шағымдану тәртібін мемлекеттік сатып алудың деңгейіне көшірілген. Бір көзден сатып алу тәсілін тек айрықша жағдайларда қолдану міндеттемесі алынып тасталды. Бір көзден сатып алу форматтық-логикалық бақылау негізінде өткізіледі», – деді Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасының жетекшісі Азамат Салимбаев.

«Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс: енгізу қажеттілігі мен оқыту практикасы» атты баяндамасында «мемлекеттік сатып алу заңдарының талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша оқыту сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. 2024 жылы Филиал қабырғасында «Мемлекеттік сатып алулар: практикалық қолданылуы» тақырыбы бойынша біліктілік арттыру семинарларынан 65 мемлекеттік қызметші білімін жетілдірсе, ал 2025 жылдың қаңтар айында 62 адам мемлекеттік сатып алу заңы бойынша құзыреттілігін арттырды», – деді ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Атырау облысы бойынша филиалының директоры Еркебулан Ғабдығаларов.

Сессия отырысында сыбайлас жемқорлықтың схемалары туралы «мемлекеттік сатып алудың барлық

сатыларында жемқорлық тәуекелдері бар. Сатып алуды жоспарлау кезінде көптеген сыбайлас жемқорлық схемалары болады. Жоспарға қажетсіз тауарларды немесе қызметтерді қосу – ең кең таралған схема. Мысалы, 2023 жылы Әділет министрлігінің лауазымды адамдары өкілеттіліктерін асыра пайдаланып, талап етілмейтін қызметтерді көрсетуге жылы сайын келісімшарттар жасау арқылы аффилиирленген компанияның мүдделерін қолдады, бұл мемлекетке 1,8 млн доллар сомасында зиян келтірді», – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті Превенция басқармасының бас маманы Айдана Аманиязова.

«Қоғамдық кеңес отырысында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды мүшелерінің қызметінің нәтижелерін жария түрде талқылауды білдіреді. Осыған байланысты Атырау облысының мәслихатының 2022 жылғы 29 наурыздағы шешімімен құрылған, 28 мүшесі бар Атырау облыстық қоғамдық кеңесі қоғамдық талқылау функцияларын толықтай атқарып келеді. Қоғамдық кеңес құрамына Азаматтық қоғамнан 23 адам сайланса, 5-і мемлекеттік қызметші. Облыс бойынша 9 қоғамдық кеңес өз жұмысын атқаруда», – деді Атырау облысы қоғамдық кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық бақылау және құқық қорғау жөніндегі комиссия мүшесі Серік Қадыров.

«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс РҚБ төрағасының орынбасары Бейбіт Мамраев қорытынды сөзінде: «Билік қоғамнан сескенбеуі, ал қоғам билікке сенуі керек. Осы мәселеде азаматтар өз деңгейінде жүйелі жұмыстар атқарып, қоғамдық бақылауды күшейтуге тиісті. Атырау университеті ректоры Саламат Идрисовтың бастамасымен университетте ашылған «Сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу орталығы» кейіннен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жалғасын тапты. Тағы бір айта кетерлік жайт, жоғары оқу орындарда жемқорлыққа қарсы білім беру деңгейін көтеру мәселесі тұр. Осы екі мәселе шешімін тапса, 4–5 жылда-ақ жүйелі нәтижесін береді», – деп Атырау университетінің игі бастамасын атап өтті.

Сессия соңында студент жастардың құқықтық сауаттылығын ашу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі заң жобаларын талқылауға белсенді қатысу, сатып алу жүйесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ, құқықтық-әлеуметтік-экономикалық аспектілерге қол жеткізуге бағыттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғамды жандандыруға бағытталған бастамаларды қолдау, адалдықты тексеру сынды іргелі ұсынымдар айтылды.

ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ ОТЫЗ ЖЫЛЫ

Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Атаулы датаға орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Көпэтносты қоғамды дамытудың қазақстандық тәжірибесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының бірегейлігін және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған конференцияға ғылыми-сараптамалық топ мүшелері, «Ассамблея жастарының» өкілдері, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, Ассамблея ардагерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шарада бірінші болып Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов пен «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идресов Ассамблея мүшелерін мерейтоймен құттықтады.

Конференцияда Қазақстандық татар және башқұрт конгресі басқармасының төрағасы Тауфик Кари-мов, «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Ляззат Джылқышиева, ҚХА ардагері Жаннат Асабаева, Қазақстан тарихы академиялық басылымдар үйлестіру орталығының директоры Әуезхан Шапаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамиға Таңатарова, тарих ғылымдарының докторы Ұзақбай Исагулов, тарих ғылымдарының кандидаты Болат Нығметов, «Былина» орыс этномәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблев, тарих ғылымдарының докторы Лесқали Бердығожин

сөз сөйледі.

Сонымен бірге онлайн қосылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі Ахмет Мурадов, мемлекет тарихы институты директорының орынбасары Бүркітбай Аяған, РФ Астрахан қаласынан «Жолдастық» қоғамы төрағасының орынбасары Әлия Ғұмарова, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласынан қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Абат Қыдыршаев сынды ғалымдар мен қоғам белсенділері баяндама жасады.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының іс-шаралары мен жобалары еліміздің әлеуметтік және саяси өмірінде айтарлықтай орын алып, елдегі бірлік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталды. Соның ішінде, ҚХА жанынан қайырымдылық шараларымен айналысу мақсатында ашылған «Жомарт жан» орталығын атап өтуге болады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша орталық 60 жуық түрлі іс-шара өткізіп, 3000-нан астам адамға 31 млн теңге көмек берді. Сонымен қоса елімізде су тасқыны болған уақытта, табиғи апаттан зардап шеккен адамдарға көмек беру үшін «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жобасы жүзеге асты», – дейді «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Ляззат Жылқышиева.

Жиында көтерілген маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік тіл ахуалы. Ұлтаралық келісім орнаған елімізде өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін үйретудің тәсілдері туралы «көптеген этнос өкілдерінің өзара қарым-қатынас тілі қазақ тілі болуы қажет. Өзге ұлттардың қазақ тілін мәжбүрлеусіз үйренуінің



маңызын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз сөзінде айтқан болатын. Осы мәселенің шешімі ретінде «Былина» бірлестігі 3 жыл көлемінде әр апта сайын бірлестік кітапханасында қазақ тілін үйрету сабақтарын ұйымдастырып келеді. «Ауызекі сөйлеу тіліне жол» деп аталатын сабақтар өзара сөйлесу, қазақша ән айту сияқты форматтарда өтеді», – деді «Былина» орыс этно-мәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблев.

Конференция соңында көп жылдан бері Атырау университетімен тығыз байланыс орнатып, Көптілді білім беру факультетінде орыс әдебиеті кабинетін жасақтауға демеушілік жасаған, «Былина» орыс этно-мәдени бірлестігінің басшысы Андрей Кораблевке «Атырау университетінің Құрметті професоры» атағы берілді.

АЛҒАШҚЫ ОҚУ ІСІ МЕҢГЕРУШІСІ



Кеңестік кезеңдегі үшінші бесжылдық жоспарды (1938–1942 жж.) жүзеге асыру жылдарында Гурьев қаласында жоғары оқу орнын ашу күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі болды. Бұл облыс мектептері мен басқа да халық ағарту орындарына мұғалім кадрларына деген қажеттілік күннен-күнге арта түсуіне байланысты еді. Қалада 1929 жылы ашылған бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училище-ден басқа бірде–бір оқу орны болған жоқ. Батыс Қазақстан өңірінде 1932 жылы ашылған Орал педагогикалық институты бүкіл өлкенің жоғары білімді мұғалім кадрларына деген қажетін қамтамасыз ете алмады. Жылма–жыл облыста жалпы білім беретін мектептердің саны өсіп отырды. Ал республика жоғары оқу орындары мен Қазақстаннан тыс жерлердегі көршілес республикалардан жіберілген жоғары білімді маман кадрлар жеткіліксіз болды. Соғыс қарсаңында республикада 20 жоғары оқу орны болды. Соның бірі – Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты.

1939 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Гурьев қаласында екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы қаулысы жарық көрді. 1940 жылдың қыркүйек айынан бастап Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты жұмыс істей бастады. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының бекіткен мамандықтары бойынша І–ші курсқа 120 студент қабылдау туралы қаулысын басшылыққа алған Гурьев облысы еңбекшілер депутаттары атқару комитеті 1940 жылдың 1 қыркүйегінде 2–жылдық оқытушылар институтын ашу туралы сол жылдың 20 мамыр айында 13 шешім шығарған. Шешімге облыстық еңбекшілер кеңесі атқару комитетінің төрағасы Қ.Тастайбеков пен хатшының уақытша міндетін атқарушы Нестров қол қойған. Қабылданған шешім бойынша жаңадан ашылатын оқытушылар институтына қаладағы педагогикалық училищенің оқу ғимаратын беруге, ал аталған училищеге бұрынғы В.Ленин атындағы бастауыш орта мектептің ғимаратын беруді және 120 студентке арналған жатақхана ғимаратын қарастыру Гурьев облыстық атқару комитетіне жүктеледі.

Сонымен бірге, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне 1941 жылдың жоспарына институтқа жаңа оқу корпусын және 500 орындық студенттер жатақханасын салу өтінішін білдірді. Институт тарапынан берген сұраныс бойынша «ҚазақКітап» орталығының директоры Алексеевке институттың кітапханасын қажетті оқу құралдарым, оқулықтар, әдебиеттермен қамтамасыз ету міндеттелді. Облыстық оқу бөлімінің бастығы И.Сержановқа институтты ашуға дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін, біріншіден, 1 маусымнан бастап институтқа дайындық курстарын ұйымдастыру, екіншіден, Қазақ үкіметінің бекіткен жоспары бойынша институтты студенттер құрамымен толық, яғни 120 студентпен қамтамасыз ету, үшіншіден, профессор–оқытушылар құрамын іріктеп, жасақтау, төртіншіден, оқу құралдарымен, оқулықтармен, әдебиеттер мен құрал–жабдықтармен қамтамасыз ету жүктеледі. Қабылданған шешімнің негізінде облыстық оқу бөлімінің бастығына шұғыл түрде институттың директоры мен директордың оқу және ғылыми істері жөніндегі орынбасарын сайлап, Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты мен КСРО Халық Комиссарлар

Кеңесі жанындағы Жоғары мектеп істері жөніндегі комитетке бекітуге ұсыну міндеті қоса жүктелген. Республикалық, облыстық және қалалық мемлекеттік архив қорларымен жұмыс барысында институттың 1940 жылы құрылып, жұмыс жасағаны туралы тарихи құжаттар табылды.

Одақтық дәрежедегі дербес пенсионер, комсомол ардагері, 1940–шы жылдары Гурьев облысы халыққа білім беру бөлімнің меңгерушісі қызметінде болған И.Сержанов өзінің «Ұмтылмас жылдар» атты мақала естелігінде: «1940–1941 оқу жылында 600–ге жуық жастар педучилищеде оқитын. 1940 жылдың күзінде Гурьевте тұңғыш мұғалімдер институты ашылды... Бұлар Гурьев өңірінде болған алғашқы елеулі өзгерістер, елімізде социализм құру жолындағы үлкен және жаңа табыстар болатын–ды», – деп жазды.

Жаңадан ашылған Гурьев мемлекеттік оқытушылар институтының тұңғыш директоры болып 1928–1931 жылдары жұмысшы факультетінде, Алматы мал дәрігерлік техникумында, 1931–1932 жылдары Ташкенттің жоспарлау–экономика институтында оқыған, 1937 жылы Москваның Г.М.Кржижановский атындағы мемлекеттік экономика институтын бітірген Ә.Б.Тұрсынбаев партия жолдамасымен келді. Алғашқы директор бұған дейін Семей педагогикалық институтында проректор қызметін атқарған болатын.

Ал институттың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып Е.С.Петрова тағайындалады. Мақаламыз институттың бастауында алғаш болып еңбек еткендердің бірі – Елена Семеновна Петрова жөнінде болмақ.

Институт директоры Ә.Б.Тұрсынбаев Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатына институттағы кадрлар жөніндегі жазған баянхатында «Педагогика пәнін институттың оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, ВКП(б) мүшесі Е.С.Петрова жүргізеді. Коммунистік тәрбие академи-ясын бітірген. 19 жыл педагогикалық өтілі бар», – деп жазды.

Атырау облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.С.Петрованың 1939 жылдың 13 наурызында өз қолымен толтырған автобиографиясынан қанық болатынымыз.

Елена Семеновна Петрова 1900 жылдың 3 маусымында Башқұрт АКСР–ы Кармаскал ауданының Николаевка деревнясында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлты чуваш. Отбасында 11 жан болған. Екесінің шаруашылығында үш қызмет аты, екі сиыры, алты десятина жер иелігі болды. Елена Семеновна 1908–1912 жылдары деревнядағы бастауыш сыныпта оқыған. 1916 жылы екі сыныптық мектепке қабылданып, оны аяқтаған соң Ляхов ауыл шаруашылығы мектебіне оқуға түсіп, онда оқыған жылдары степендия алып тұрған. 1920 жылы комсомол қатарына өткен. Комсомолдар тарапынан атқарылатын қоғамдық–саяси жұмыстарға белсене араласқан. 1920–1922 жылдары өзінің туған деревнясында бастауыш мектепте жұмыс жасайды. 1922 жылы арнайы педагогикалық білім алу мақсатында Уфадағы педагогикалық техникумға оқуға түседі. 1925 жылы студент кезінде ВКП (б) кандидат болып тіркеледі. Оқу бітіргеннен кейін 1930 жылы Башқұрт Республикасындағы бастауыш мектептерде мұғалім қызметінде болды. 1927 жылы партия қатарына өтіп, селолық ячейканың хатшысы болды. 1930 жылы аудандық колхоз одағында мәдениет қызметкері болып қызмет атқарып, кейін нұсқаушы лауазымында жұмыс жасады. 1930 жылдың тамызында Башқұрт облыстық ВКП(б) тарапынан Москвадағы Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына оқуға жіберіледі. Оқуын аяқтаған Е.С.Петрованы РФКСР Халық Ағарту Комиссариаты жолдамамен Батыс Қазақстан облысындағы Гурьев қаласына жібереді. 1933–1934 жылдары Гурьевтегі педагогикалық техникумының оқу ісі жөніндегі меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1934–1939 жылдар аралығында қаладағы Ленин атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарды.

1939 жылы 2 сәуірде Гурьев облысы халыққа білім беру бөлімнің меңгерушісі И.Сержанов өз тарапынан Е.С.Петрова туралы жазған мінездемеде «Ол басқарған мектеп қаладағы мектептер арасында оқу–тәрбие саласы бойынша бірінші орында және ең жақсы мектеп болып саналады», – деп жазды.

Ал 1940 жылдың 20 ақпанында облыстық халыққа білім беру бөлімнің меңгерушісі И.Сержанов: «Е.С.Петрова 1900 жылы дүниеге келген. 1927 жылдан ВКП(б) мүшесі. 1933 ж. Москвадағы Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академи-ясын аяқтаған. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 18 жыл. 1934–1940 жылдары Гурьев қаласындағы Ленин атындағы орта мектеп директоры. 1940 жылдың 14 қаңтарынан Гурьев қалалық халыққа білім беру бөлімнің меңгерушілігіне Гурьев қалалық еңбекші депутаттары кеңесі сессиясының шешімімен сайланған. Гурьев қалалық халыққа білім беру бөлімінің парторгы және жұмысшы депутаттарының қалалық атқару комитеті мүшесі. Шаруашылық–ұйымдастырушылық, оқу–тәрбие жұмыстарында ұйымдастырушы және облыстағы мектептердегі оқу–тәрбие жұмыстарында өзін өте жақсы көрсете білді. Ол қаладағы мектеп мұғалімдерінің, оқушылар мен ата–аналар арасында жоғары беделге ие. Өзіне тапсырылған жұмысты толық атқара алады», – деп жазған болатын.

Жаңадан ашылған институт басшылығы алдында оқу–тәрбие, оқу–әдістемелік, материалдық–техникалық, кадрлар мәселесін шешу күн тәртібінде тұрды. Сондықтан да оқу–тәрбие, оқу–әдістемелік жұмыстарға тікелей басшылық жасаған Е.С.Петрованың оқу–ағарту саласында көп жылдар бойғы істеген іс–тәжірибесі институттың қалыптасу жылдарында өзіндік із қалдырды. Оның айқын айғағы мен дереккөзі болатын архив құжаттарына сүйенеміз.

1941 жылдың ақпан айында оқу ісінің меңгерушісі Е.С.Петрова Гурьев мемлекеттік оқытушылар институтында «Марксизм–ленинизм негіздерінің» оқытылуы туралы есебінде қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша барлығы 67 студент баға алды, оның 59 «есептелді», қалған 8 есептелмеді. Студенттердің білімі са-раланып, келесі көрсеткіштерге көз жеткізген: өте жақсы бағаға – 19, жақсы бағаға – 22, қанағаттанарлық бағаға –18 және қанағаттанарлықсыз бағаға – 8 студент ие болды. Өте жақсы және жақсы баға алғандар 62% құрайды, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар 11% құраған. Көптеген студенттер «Марксизм – ленинизм негіздері» пәнінен бастапқы дереккөз туралы жақсы білімдерін көрсетті. Қысқы сессия бойынша аталған пәннен Погадаев, Харитонов, Калмыкова, Есқариева, Қабдулов, Өтемісов, Малыгин, Жenessонов және басқа да студенттер өте жақсы баға алғаны туралы Халық ағарту комисариатына ақпарат берді.

Оқу ісінің меңгерушісі Е.С.Петрованың 1941 жылдың 4 сәуір күні Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатына жазған 18–399 санды мәлімдемесі бойынша Гурьев мемлекеттік оқытушыларр институты Халық Ағарту Комиссариатының 1941 жылғы 4–ші наурыздағы 269 «Педагогикалық және оқытушылар институттары студенттерінің сауаттылығы мен сөйлеу мәдениетін арттыру туралы» бұйрығының орындалу барысы туралы институттағы барлық студенттер топтарында диктант жаздырылып және оның нәтижесі қанағаттанарлықсыз болғандығын мәлімдеген. Бұйрық уақытында институт кеңесінде және барлық топ студенттерінің өндірістік кеңестерінде талқыланған.

Бұйрықтың орындалуына байланысты институтта келесі іс–шаралар өткізілген: орыс тілі бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар студенттермен қосымша сабақтар ұйымдастырылған; орыс тілі бойынша студенттердің академиялық қарыздарды тапсыру мерзімі белгіленген; институтта бұйрыққа сәйкес сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығын үйрену белгіленген; «Тіл және әдебиет» кафедрасының меңгерушісіне орыс тілі оқытушыларының сабақтарына жүйелі түрде қатысып, кейін өткізілген сабақты кафедра отырыстарында талқылап, орыс тілін қазақ топтарында жетілдіре сабақ беру бойынша нақты ұсыныстар енгізеді; барлық пәндердің оқытушыларына рефераттар мен баяндамаларды тексеру кезінде материалдың сауатты баяндалуына, ал студенттердің сөйлеу мәдениеті бойынша практикалық сабақтар мен семинарларға назар аудару керектігі және студенттердің көркем әдебиет оқуына ерекше назар аударылғандығын атап көрсетілген. Ең басты назар студенттер арасында көркем әдебиет оқуды ұйымдастыру мәселесіне көңіл аударылған.

1941 жылдың мамырында Алма-тыда өткен Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының жанындағы жоғары оқу орындары директорлары мәжілісінде Е.С.Петрова жасаған баяндамасында Гурьев мұғалімдер институты 1940 жылы ұйымдастырылған және қазіргі уақытта сіздер білетіндей 58 студент оқиды. Институтта екі факультет бар – тарих пен тіл және әдебиет факультеті. Төрт аудиториясы және 36 орындық жатақханаға арналған бөлмесі бар. 1941–1942 оқу жылына қабылдау жоспарында 120 адам қарастырылғанын, оның ішінде тарих факультетіне – 60 адам, қазақ тобына – 30 адам, орыс тобына – 30 адам қабылданатынын мәжіліске қатысушылардың назарына береді. Е.С.Петрова өз сөзінде Гурьев облысындағы орта мектептерден 1941 жылы 307 оқушы бітіретіндігін, егер олардың 50 %–ы армияға, ал басқа университеттерге кететін болса, шамамен 150 адам қалады. Жұмысшы факультетін (рабфак) 30–ға жуық адам бітіреді. Сонымен бірге өткен жылдардың түлектері бар, олар институт әкімшілігіне хат жазып, биылғы жылы институтқа қалай қабылданатынын сұрау да деңді.

1940–1941 оқу жылында институтта атқарылған жұмыстарды баяндай келіп Е.С.Петрова: «Мәжіліс барысында жолдастар кейбір институттар үш жыл бұрын жаңа оқу жылына дайындықты бастағанын айтты, бірақ біздің институт бір жыл ғана жұмыс істегендіктен, әрине, жаңа оқу жылына дайындықты кейінірек бастауға тура келді. Біз жаңа оқу жылына дайындықты наурыз айынан бастадық. Жоспар жасалды және біз осы нақты жоспар бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Қазіргі уақытта біз институтқа қабылдау ережелерін жарияладық, жергілікті газеттерге, қалалық, аудандық оқу білімдерінің меңгерушілеріне хаттар жібердік. Оларға 10–сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарына көмек көрсету туралы өтінішпен шықтық. Сонымен бірге жоғары сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді сұрап, Гурьев облысы бойынша барлық орта мектеп директорларына хаттар мен қабылдау ережелері жіберілді. Институт жанынан институтқа түсуге ниет білдірушілер үшін консультациялық пункт ұйымдастырылды. Институт оқытушылары мен жекелеген студенттер 10–сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін қаланың орта мектептеріне жіберілді. Қазіргі уақытта институт пен аудан орта мектептерінің оқушылары арасында жазбаша байланыс бар, сондай–ақ Гурьев қалалық атқару кеңесі мен комитетінің алдына институтты қосымша оқу үй-жайымен және 40 адамға арналған жатақханамен қамтамасыз ету туралы мәселе қойылды», – деп атап көрсетті. Мәжіліске қатысушыларға институттың бір жылдық жұмысын баяндай келіп, алдағы 1941–1942 оқу жылына арналған институттың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Бірақ бұл жоспар орындалмады. Өкінішке орай бір айдан соң алапат соғыс өрті басталды...

1941 жылдың 20 тамызында Гурьев облыстық партия комитетінің кадр бөлімінің ұсынысы бойынша обком бюросы мүшелері Гурьев облыстық партия комитетінің І–ші хатшысы М.Бекжанов, облыстық партия комитетінің хатшысы Волков, Гончаров, облыстық партия комитетінің ІІ–ші хатшысы С.Қарымсақов, Қ.Тастайбеков, Төлебаев және бюро мүшелігіне кандидаттар Т.Қағазов, Гурьев қалалық партия комитетінің І–ші хатшысы В.Аловягин, Қазақстан Орталық партия комитетінің мұнай өндірісі бойынша хатшысы Рябов, облыстық партия комитетінің мұнай өндірісі бойынша хатшысы Конопалев, өнеркәсіп бойынша хатшы Ронань және обкомның ерекше секторының меңгерушісі Тарасов қатынасқан бюрода Е.С.Петрова обкомның үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы болып тағайындалып, Гурьев оқытушылар институты директоры орынбасары қызметінен босатылған.

Архив қорларында сақталған құжаттарда Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.С.Петрованың оқу–ағарту саласындағы өмірдегі осылайша өріледі.

Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

КЕНЖЕБАЙ МӘДЕНОВ ЕСІМІ ҰЛЫҒЫЛАНДЫ

«Ұлы Отан соғысы: ерлік пен қаһармандық жолы». Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осындай атаумен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және Ратушаға алғаш Жеңіс туын тіккен соғыс батыры Кенжебай Мәденовтың 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Атырау облысы әкімдігі, Атырау университеті және «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен ауқымды іс-шара секциялық жұмыс пен пленарлық отырыстан тұрды. Оффлайн және онлайн форматтағы жиынға отандық және шетелдік ғалымдар, профессор-оқытушылар, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Конференцияның секциялық кезеңінде «Ұлы Отан соғысы: тарих және қазіргі заман» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы Сайпулла Сапанов, ««Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі туралы» тарих ғылымдарының докторы Лесқали Бердіғожин және «Батыр Кенжебай Мәденов және патриотизм: тәрбие, тәжірибе және міндеттері» тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы Ақмарал Муханбетжанова баяндама жасады.

Ал пленарлық отырыста алғаш болып университет ректоры Саламат Идрисов сөз алып, 1943 жылы 18 жасқа толмастан Қызыл Армия қатарына өз еркімен аттанып, Ұлы Отан соғысының қан майданының алдыңғы шебінде фашистік Германияның цитаделі – Берлин қаласында Берлиндік Ратуша шабуылында ерлік көрсетіп, ержүректігімен Кеңес жауынгерлерінің мақтанышына айналған Кенжебай Мәденов тұлғасына тоқталып, аталмыш іс-

шара ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығына, тарихи әділдікті қалпына келтіруге және ардагерлеріміздің ерлігін дәріптеуге байланысты маңызды мәселелерді көтеруге мұрындық боларына сенім білдірді.

Қоса кетсек, Атырау университетіне – биыл 85 жыл. Іргелі оқу орны соғыс басталардан бұрын 1940 жылдың 1 қыркүйегінде екіжылдық мұғалімдер институты ретінде құрылып, соғыс уақытында Орал мұғалімдер институтына қосылып кеткендігі тарихы деректерден анықталды. Университет тарихында майдандағы соғыстан аман-есен оралған, майдангер ұстаздардан 10 шақты педагог пен 100-ге тарта тыл ардагері еңбек етті. Сондықтан да, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы оқу орны үшін ерекше маңызға ие.

Жоғарыда аталған конференцияда қала әкімінің орынбасары Нұржан Ермұханов және ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов құттықтау сөзін сөйледі. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе аудандық музейінің арнайы көрмесі ұйымдастырылды. «Ратушаға ту тіккен қазақ батыры» кітабының лентасы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Одан әрі Ресей мемлекеттік білім академиясының Қалмақ мемлекеттік университетінің Б.Городовиков атындағы Ғылыми орталығының директоры Аркадий Панькин, Пермь мемлекеттік мұрағатының директоры Сергей Неганов (Ресей), Чирчик мемлекеттік

педагогикалық университетінің профессоры Насреддин Назаров (Өзбекстан), «Еуропа-Азия» ММА жанындағы өлкетану институтының директоры Альберт Бурханов (Татарстан) және Атырау университетінен – тарих ғылымдарының докторы Аққали Ахмет, психология және педагогика кафедрасының профессоры, К.Мәденовтің келіні Шолпан Жанзақова өз баяндамалары арқылы Кенжебай Мәденұлының ерлік жолына және жалпы Ұлы Отан соғысының зерттелуіне қатысты түйткілді мәселелерді қозғады.

Қайнаған соғыс үстінде небәрі жиырма жасында фашизмнің отаны Ратушаға ту тіккен қазақ батыры Кенжебай Мәденовке «Халық Қаһарманы» атағын беру мәселесін Б.Қорқытов, А.Әміржанов, К.Аманжолов, К.Ғабдешев, Ж.Хисым, Т.Жаңабаев және т.б. қаламгерлер өз мақалалары мен очерктерінде бірнеше рет көтергені көзі қарақты оқырманға жете мәлім. Өткен ғасырдың 70-жылдары К.Мәденовке «Кеңес Одағының Батыры» атағын беру туралы өтініш ұсынылып, бірақ ол сол кездегі солақай саясаттың салдарынан аяқсыз қалғаны да белгілі жәйт.

Бұл жөнінде «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының төрағасы Роман Мақсотов егжей-тегжейлі әңгімелей келіп, бірлестіктің ардагерлер кеңесі подполковник Кенжебай Мәденовты мемлекеттік марапат – «Халық Қаһарманы» атағымен марапаттау үшін жергілікті атқарушы органдарға және қоғамдық ұйымдарға тиісті ұсыныстарын бергенін жеткізді.

Тағлымды іс-шара аяғында батырдың ұлы Махамбет Мәденов ұрпақтары атынан халықаралық конференция ұйымдастырушыларына, қатысушыларға ғылыми-ағартушылық бағыттағы қызметтері үшін ризашылығын білдірді.

Өмірбек САЛАУАТҰЛЫ

Жеңіс жаңғырығы

ХАЛҚЫ ҚОРҒАҒАН, ҚОЛБАСШЫ ҚОЛДАҒАН – ҚАҒАРМАН (КЕНЖЕБАЙ МӘДЕНОВ «ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ» АТАҒЫНА ЛАЙЫҚ)



Екінші дүниежүзілік соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанған отандастарымыз аз емес. Алайда, кеудесін оққа тосқан ержүрек майдангерлеріміздің кейбірі көзі тірісінде батыр атағын алған жоқ. Бірақ, бұл олардың даңқын аласартпады, керісінше ақиқат ашылған сайын халықтың шексіз құрметін арттыра түсті. Солардың бірі де бірегейі – биыл туғанына 100 жыл толатын Кенжебай Мәденов.

Жыл басында «Ана тілі» басылымына берген сұхбатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елге еңбегі сіңген елеулі тұлғалардың ұмыт қалмай, ұрпаққа насихатталуы керек екенін жеткізді. Әсіресе, ол: «Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты», – деп атап көрсеткен болатын. Президенттің осы бір сөздерін айғақтап тұрғандай, Кеңестер Одағының Маршалы, Кеңестер Одағының төрт мәрте батыры Георгий Константинович Жуков: «...29 апреля в центре города развернулись наиболее ожесточенные сражения.

На ратушу наступали 1008-й стрелковый полк и 1010-й полк 266-й стрелковой дивизии.

Первым сюда ворвался взвод лейтенанта К.Маденова. Вместе с отважным лейтенантом смело действовали бойцы Н.П.Кондрашев, К.Е.Крюченко, И.Ф.Кашпуровский и другие. Они закидали вестибюль и коридоры ручными гранатами. Каждую комнату приходилось брать с бою», – деп айрықша тебіреніспен баяндайды. (Г.К.Жуков «Воспоминания и размышления». Москва, изд. АПН, 1971 г., стр.626).

Кенжебай Мәденов 1925 жылы 19 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы, Қаракөл ауылдық кеңесінде кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. Кенжебайдың әкесі – Мәден Керешев 1880 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында туып-өскен, сауда саласында қызмет істеген, күйші



Керештің ұлы болған. 1920-1930 жылдары Қызылқоға ауданы орталығының кооперативінде жұмыс істеген. 1951 жылы Орал қаласында қайтыс болған. Анасы – Жамиға Керешова 1902 жылы Қаратөбе ауданының Батпақкөл ауылдық кеңесінде туып-өскен.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Кенжебай Мәденов 16 жаста еді. Үлкен ағалары Өтеген, Алтынбай және Жауылбай Отанды қорғауға аттанып та кеткен. Осы кезде отбасында қарт әке-шешесімен өңшең шиеттей жас балалар қалған болатын. Отбасы жағдайына байланысты IX-сыныпты бітірген соң, жұмыс істеуге тура келді. Кенжебай үй-ішіндегі балалардың естияры болғандықтан, 1942-жылдың маусым айында Қаратөбе аудандық шикізат дайындау мекемесіне есепшілік қызметке орналасты.

Бұл кезде ауылда жұмыс істеп жүргендер қарттар мен әйелдер, жасөспірімдер болатын. Соғыстың ауыр жылдары еді. Бүкіл еліміз соғыстың біртұтас лагеріне айналып, тылдағылар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Ұрыс Сталинград түбінде жүріп жатқан кез. Соғыс үні Орал, Гурьев облыстарының кейбір аудандарына да жеткен. Осы жақта тетелес ағасы Жауылбайдың соғыста ерлікпен қаза тапқаны туралы қара қағаз алады. Бұл қайғылы хабар жас Кенжебайды қатты



тебіrentті, зұлым жаудан кек алу үшін армия қатарына сұранды. Жасөспірім шағынан Кенжебайдың қайтпас қайсар, өрен өжет мінезінің болғандығын мына бір естелік айғақтайды: «Өзінен бар болғаны үш жас үлкен, тетелес өскен ағасының қазасы Кенжебайды ызаға булықтырып, жаудан кек қайтаруға итермелегені соншалық, тәбеті қашып тамақ ішуден қалды. Өзі қан жұтып отырса да қолындағы жалғызының аянышты түрін көрген апасы Дәметкен:

– Кенжебай–ау, қарағым, сен кешеден бері дастарқан басына келуден қалдың ғой. Тамақты қайдан ішіп жүрсің, – деген сұрағына:

– Мені Гитлер тойғызып қойды. Сұм фашистерге деген ашу мен ыза, тұла бойымды жайлап алған. Немістерден кек қайтармай, тамаққа орын жоқ, – деп қызметіне кетті.

1943 жылы 8 қаңтарда 18 жасқа толмай тұрып, Кенжебай Мәденов Қызыл Армия қатарына өз еркімен аттанды. Ол әуелі Орынбор облысының Красный Холм мекеніндегі командирлер даярлайтын әскери училищесінде оқиды. Училище қабырғасында қару–жарақтың әр түрімен, әскери тактикалық тәсілдермен танысып, қоян–қолтық жекпе–жек әдістерін үйренеді. Сонымен қатар Уфа, Сахмар қалаларында жаумен қарусыз шайқасудың сан алуан әй-лаларын ыждағатты меңгерді. Тепсе темір үзетіндей болып шынығып, оқу

бәсеңдетпестен жауды Кишиневтен де қуады.

1944–жылғы 27 тамызда 94, 89–гвардиялық және 266–шы атқыштар дивизиясы, осыдан төрт күн бұрын қоршауға түскен немістің «Оңтүстік Украина» армиясының Прут өзенінен өтіп кетпеуі үшін, олардың шабуылына қарсы бекіністерді күн–түн демей күшейтті. Барлаушылар Мен-жер және Кутурлуй ормандарының оңтүстігі жағынан 208,9 биіктігіне қарай бағыт алған 5–7 мыңдай неміс әскерлерін байқап қалды. Олар танк пен өздігінен жүретін ауыр артиллерияның бүркемелеуімен бірнеше машинамен келеді екен. Сонымен тағы да шайқас. Реактивтік қондырғылар, артилле-рия мен минометтер іске қосылып, танктердің соңынан ілескен жаяу әскер, немістердің есін жиғызбастан Сарато-Розештің солтүстік–батысындағы батпаққа тіреді. Қарсыластарының жағдайын пайымдаған генерал П.Фирсов фашистерге көп қантөгіске бармай, берілулерін талап еткен бітімгерлер жіберген еді. Бірақ олар бұл ұсынысты қабылдамады. Кеңес әскерлерінің мұнан соңғы жойқын шабуылы, қарсыластарын ұзаққа шыдатпады. Тірі қалған неміс солдаттары мен офицерлері жаппай берілді. Үш мыңға жуық гитлершілер тұтқынға түсті. Мыңдаған әскери тех-никалары майдан алаңында отқа ора-нып жатты.



орнын тәмамдаған соң, 1943 жылы қараша айының 12–сінде III Украин майданының 170–ші гвардиялық атқыштар полкінің құрамында станокті пулемет бөлімшесінің командирі бо-лып бекітіледі. Сұрапыл соғыстағы алғашқы қадамын Кривой Рог түбіндегі ұрыстарға қатысудан бастады. Сол ұрыстар кезінде аяғынан ауыр жарала-нып, госпитальда емделіп шыққанда, оның қарулас достары Молдавия жеріне таяп қалған екен. Атақты 5–ші екпінді Армияның құрамында күніне бес–алты селодан азат ете отырып, қарқындарын

Аса жауапты шайқастарда, фашистерді талқандаудағы көрсеткен ерлігі үшін Жоғары әскери кеңес жеке құрамға алғыс жариялап, ұрыс барысында ерекше көзге түскен солдаттар мен офицерлерді үкімет наградаларына ұсынды. Сөйтіп 650 қызылармияшы, сержант және офи-церлер Кеңес Одағының ордендері мен медальдарына ие болды. Олардың ара-сында «Қызыл Жұлдыз» орденін алған Кенжебай Мәденов те бар еді.

1944 жылы қазан айының соңына таман 5–ші екпінді армия III Украин майданы-нан I Беларусь майданының қарамағына

берілді. Осы армияға қарасты 266–шы дивизиясының 1008–ші полкіндегі взвод командирі К.Мәденов Польша жеріндегі Варшава–Познань операциялары кезіндегі ұрыстарда да қарауындағы солдаттарды жігерлендіріп, ерен ерліктің үлгісін көрсетумен қатар, ұйымдастырушылық қабілетін де танытты.

Польшаны жаудан тазартқан соң, Кенжебай Мәденовтың взводы 1945–жылы қаңтар айының соңында Герма-ния жеріне табан тигізеді. Кеңес Одағы әскерлерінің Берлиннен 70 шақырым жерге келгенін естігенде, гитлершілердің естері шығып кетсе керек, екінші ақпан күні немістер артиллериядан дамыл-сыз оқ атып, бомбаны бұршақша жау-дырды. Жау өздерінің барлық таңдаулы күштерін «Гитлерюгенд» деп аталатын жастар отряды мен әйелдер батальонын пайдалану арқылы дамылсыз шабуыл жасап, кеңес әскерлерін Одер өзеніне ба-тырып жіберуге, ең болмағанда одан асы-рып тастау үшін жанталасты. Осындай аса қысылтаяң сәтте шебер қорғаныстың үлгісін көрсеткен 1–ші Беларусь май-данына қарасты жауынгерлер асқан табандылық танытты. Немістер кеңес танктерінің алға жылжуына кедергі жасау мақсатында, Одер өзеніндегі бұрыннан тұрған негізгі көпірді жаруға әрекет жасап жатқаны, 15–ақпан күні барлау арқылы белгілі болды. Полк басшылығы диверсанттардың көзін жоюды, ешбір қаймығуды білмейтін ержүрек, әрі ең сенімді Кенжебайдың взводына тапсырды. Олар жеті немістің көзін жойып, көпірді сақтап қалды. Өлім мен өмірдің арасын қылкөпір бөліп тұрған сәтте, қимылына көз ілеспейтін командир Кенжебай Мәденовтің осын-дай батылдығы мен жанқиярлығы



ескеріліп, ол екінші мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Мәскеудегі Бас штабтың асқан ойшылдықпен жасаған жоспарымен әйгілі «Берлинге шабуыл» опера-циясына, I, II–Беларусь, I, II–Украин майдандарының армиялары қатысты. Осындай сәтте Мәденов өз взводымен қардай борап тұрған оққа қарамастан, Альт Одер өзенінен граната мен автоматтың күшімен жау окобына түсіп, қоян–қолтық ұрыс жасау барысында, 15 неміс солдаттының көзін жоюды.

К.Мәденовтің взводы 21 сәуір күні Берлин қаласы жанындағы Мар-цан елді мекенінде власовшылармен болған ұрыста да ерекше көзге түскен. Осы шайқастар барысында Кенже-бай жарақат алғанына қарамастан ұрыс алаңынан кетпей, қаруластарын жігерлендіре түсті. Кескілескен шайқас барысында көрсеткен ерлігі үшін, Кен-жебай Мәденов «I–дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталады.

Әсіресе, фашистердің мемлекеттік екі мекемесі Рейхстаг пен Ратуша төңірегінде адам айтқысыз қырғын соғыс болды. Қала орталығындағы импе-рия кеңсесіне жақындаған сайын, адам шығыны көбейе берді. Сәуір айының 29–ы күні болатын. Әдеттегіше көше ұрысы жүріп жатқан–ды. Кенже-байды батальон командирі И.Бобылев шақырып алып:

– Сенің взводың Польша жерінен бергі ұрыстардың бәрінде де, бүкіл армияның мақтанышы болып, ерліктерімен көзге түсіп жүр. Сондықтан саған жүрметті, аса жауапты міндетті құрметелі отырмын. Талай сындарда сыналған жауынгерлеріңмен «Империя кеңсесі» деп аталатын немістердің Рейхстагтен кейінгі ордасы Ратушаға бірінші болып басып кіріп, төбесіне жеңіс туын қадау сіздің взводқа жүктеледі. Тек, сенімді ақта! – деді.

– Тапсырма түсінікті, – деп жауап берді лейтенант К.Мәденов.

– Тапсырманы орындау кезіндегі, орындағаннан кейінгі абырой да бәрімізге ортақ. Ратушаға жеңіс туын тігуге өзге бөлімдер де құштар. Бірақ, бұл үлес бізге бұйырды. Жолдас лейте-нант, бұл тек менің ғана бұйрығым емес, жоғарғы командованиенің бұйрығы!

Енді бұйрықты алғаннан кейін тапсырманың қалай орындалғанын,

мақтануды білмейтін Кенжебай Мәденовтың 1965 жылғы тамыз ай-ында өз аузымен айтылған естелігіне кезек берейік: «Біз бар пәрменімізбен шауып келеміз. Негізгі ой неміс туын құлатып, өз туымызды қадау. Осы ар-ман, осы мақсат мені алға сүйреді. Бір кезде қасымдағы жолдасым Кондра-тьев құлаған жерге мен де құладым. Тұла бойымды сипаймын, жарақат жоқ сияқты. Көп қимылдауға бол-майды, мұндайды снайперлер көзден таса жібермейді. Сондықтан дыбыстау керек. Айналамда 3–4 адамнан ғана дыбыс болды. Кондратьевтен дыбыс естілмеді. Алда әлі 80–100 метр жер бар. Қалайда жету керек. Бар күшті жинап, қайта шабуылға шықтық. Жандәрмен үш адам Ратуша табалдырығына жеттік. Ол жерден бірнеше адам бізді қарсы алып, ілгері жүруімізге жәрдемдесті. Аз ғана үзілістен кейін 20 шақты адам баспалдақпен жылжыдық. Бұл жерде де қырғын соғыс болғаны көрініп тұр. Айналаға сақтықпен қарап, автоматы-мызды кезенген күйі ілгері жылжып келеміз. Ойда жоқта немістермен қолма-қол айқасқа түстік, екі жақтан да шығын болды. Мақсат – ілгері жылжу. Тағы да қақтығыс, тағы да жау. Сақ болу қажет, айла–тәсілсіз болмайды. Тағы да жаудың екі жауынгерін сұлатып, ілгері жылжы-дым. Алдымдағы адамдар оққа ұшты ма, әлде жауынгерлік тапсырманы орын-дау үстінде ме, одан бейхабармын, тек қана арт жақта адамдар дыбысы естіледі. Қанша уақыт өткенін білмеймін, Ра-туша күмбезінің (куполының) ішкі жағына жетіп, қансыраған Константин Громовқа көмек бердім. «Шыда досым, қазір Ратушада өзіміздің алқызыл ту-ымыз желбірейді!», – дедім. Оның бо-



лар–болмас жымиып күлуге ғана әлі келді. Фашистің қара ала туы құлап түсті. Мен белімдегі қызыл туды шешіп алып, күмбез (купола) басына көтердім. Жіптің ұшын қадаға байлап үлгердім. Содан кейін айнала у–шу болды да кетті. Өзімнің қатты шаршағанымды алғаш рет сол жерде сезіндім. Есімді жигасын каскамды қарасам тікелейі бар, жана-малай тигені бар алты оқ тиіпті. Тиіпті біреуі каска мен пилотка аралығындағы Қызыл жұлдыз арасында тұр екен. Бұған өзім де таң қалдым», – деп ерен ерлігін қарапайым баяндайды: («Ратушаға ту тіккен қазақ батыры». Атырау, «Ақ Жайық», 2015. 129–130–беттер).

Осыдан алпыс жеті жыл бұрын жарық көрген қайраткер–қаламгер Кәкімжан Қазыбаевтың «Рейхстағқа ту тіккен қазақ» атты мақаласында қазақ халқының хас батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев өз әңгімесін: «Біздің істегеніміз, үлкен ұлы жеңіске қосылған бір кішкене бөлшек», –деп түйіндейді. («Лениншіл жас» газеті, 20–февраль, 1958–жыл). Мүмкін, адалдық, шыншылдық, қарапайымдылық тұмысынан қанына сіңген, қазақтың батыр оғланы Кенже-бай Мәденов үшін де қан–қасап соғыста, шыбын жанын шүберекке түйіп жүріп гитлерлік Германияның аждаһа ордасы Ратушаға ту тігуі – жеңіске қосылған шағын бір бөлшек болып көрінер. Алайда, тәуелсіз Қазақ Елінің, жаңа Қазақстанның реалистік тарихына қиянат жасалмауы керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым–Жомарт Тоқаевтың әділетті Қазақстан, әділетті қоғам, әділетті адам идеясы, «Күшті Прези-дент, Ықпалды Парламент, Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы шындықтың, әділдіктің, ақиқаттың салтанат құруына мүмкіндік береді деген сенімдемезі! Қазақ халқының баһадүр ұлы Кенжебай Мәденов «Халық Қаһарманы» атағына иегер –бір лайықты майдангер ғам ар-дагер деп санаймыз!

Айдар САБЫРОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
доценті, сеньор–лектор.
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
Ыбырай Алтынсарин
төсбелгісінің иегері

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНДАҒЫ АҚПАН БАТЫР КЕЛІМБЕРДІҰЛЫ

Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев Аты-рауда өткен Ұлттық құрылтайда «Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті» деген болатын.

Қазақ мемлекеттілігі тарихында еліміз бен жеріміз үшін қасық қандары қалғанша күресіп, өз есімдерін ал-тын әріппен жазып кеткен тұлғалар баршылық. Тарихи тағылымы бар тұлғалардың бірегейі – Ақпан батыр Келімбердіұлы. Ел тарихындағы аласа-пыранды 1531-1605 жылдары өмір сүрген Ақпан батыр тарихта өз бейнесін өзі жасаған тұлға. Ол 1531 жылы ақпан айында Түркістан аймағындағы қасиетті Қазығұртта Келімберді батырдың шаңырағында дүниеге келген. Жастайынан дала өмірінің қыр-сырына қанығып өсті. Жеті жасында жорға мініп, тоғыз жасында асауға бас білдірген бала жігіт ептілігімен, ерлігімен көзге түсіп, әке, ағаларынан сарбаздықты меңгеріп, садақ, мылтық атып, мерген болып қалыптасты. Оның ең алғашқы жорығы Хақназарұлы баһадүр Бозғылдың басшылығымен елін шауып кеткен Бабасұлтанға қарсы соғыста көрінді. Ақпан таңдаулы жүздікті басқарды, он екі құлаш қыл арқанды төрт-төрттен бөлініп, сегіз сарбаз арқанды керіп, атпен шапқанда шатырлар құлап, жау аңтарылып қалды. Осындай үш толқын өткенде жаудың естері шығып, аттарынан айырылады.

Келесі бір жорықта Баба сұлтанның Арслан есімді мыңбасын жекпе-жекте жеңеді. Басын кесіп алып, ақ найзамен көтеріп, жау әскеріне сес көрсетеді. Жаудың шегінер жолына жүз адымдай жерге болат жұлдызша шашып тастаған, шауып келе жатқан аттар шоңқайып жүре алмай қалды. Сөйтіп, жау әскерінің көбі тұтқындалады. Ақпан баһадүрдің өмірінде мұндай жеңісті соғыстар көп болған. 1599 жылы денсаулығы сыр берген Қосай Ата, Есім ханмен ақылдасып, оның пәрменімен өз орнына беклербеклікке Келімберді ұлы Ақпанды бекітеді. Көп ұзамай қазақ ауылдарына Хиуа ханы Хажымұхаммедтен пәрмен келеді. Онда «Мал салыққа қосымша жан салық – қыз салық» төлеттірмекші болады. Халық үкілеп өсірген қызымызды бергенше, қолымызға қару алайық деп тастүйін шешім қабылдап:

*Біздің ерлер күйінді,
Ақпан деген айтулы,
Қарт батырдың үйінде
Ететін болды түйінді.
Сонда Ақпан батыр:
— Оң сапар бергей, Құдайым,
Мен де Алладан сұрайын,
Осы топтың ішінде
Дабылы күшті белгер бар,
Қайраты асқан ерлер бар,
Мейманасы асқан дұшпанды
Жер тістеткен шерлер бар, – деп ұрандайды.*

Дегенмен күші басым жаудың адуынынан сескенген ақсақалдар, ру басылары кеңесіп, қоныс аударып, амал іздейік деген ұйғарымға келеді. Алшын-Кеншіннің ұрпақтары көтеріле көшіп, Үстірт арқылы Жем өзенін жағалайды. Бұл кезеңде Жем бойында қалмақтар үстемдік ететін. Құнанорыс, Ақпан батырлардың басшылығымен сайыпқыран Кіші жүздің жігіттері ата жауы қалмақтарды тықсыра қуып, Еділ өзенінен асырады. Осынау қанды пайқаста Ақпан баһадүр мен Құнанорыс батыр жаудың ұлы жебесінің нысана-сына ілінді. Қатты жараланған асыл қырандар Қобда мен Ырғыз арасында жерленген.

Қазақ хандығын Хақназар, Шығай, Тәуекел, еңсегей бойлы ер Есім билеген дәуірде, яғни 1531-1605 жылдарда өмір сүрген Ақпан батыр жөнінде ақын-жырауларымыз өздерінің шығармаларында халыққа үлгі-нұсқа қылып айтып, жырға қосқанын ел біледі және бүгінгі жыршы-термешілеріміз мемлекеттік деңгейдегі мерекелерде, ас пен тойларда жырлап жүр. Мәселен, есімі елге мәшһүр әйгілі ақын Қашаған Күржіманұлы өзінің «Атамекен» атты жыр-дастанында:

*Ақпан деген қарт батыр,
Ер басына қос атты,
Жетелетіп жүргізді
Жауға мінер бос атты.
Қабырғадан саз болса,
Жапалақ жауған қар болса,*



*Айшылық жолға айдаса
Бұйдасын іркіп мойымас
Азықтарын айшылық
Өңкей нарға қоса артты.
Бес жүз әскер-ауыр қол,
Бастығы Ақпан батыр сол,
Көпті көрген көнеге,
Қараңғы тұман түнде де,
Сапар шегіп жол жүрсе,
Табылады екен сара жол
Бірнеше күндер өтеді,
Қаратөбе, Манаты деген жерге жетеді,
– деп ақын Ақпан Келімбердіұлының қазақ хандарының әскербасысы ретінде Алтай, Сауыр, Сайқан (Қытай жері) тауларына дейін, Ташкент пен Хо-резм аймақтарына дейін жорықтарға қатысқаны айтылады. Ақпан батырдың ел қорғаудағы ересен ерлігі мен еңбегін мадақтап жырға қосқан Қашаған ақын жырының тарихилығы туралы ғалымдар Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов, Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Ж.Тілепов сияқты әдебиет зерттеушілері толық зерттеді. Ақпан батырдың ұрпақтарынан ержүрек ұландар көп шыққанын ескелді Сүгір жырау да, қараш Ыбырайым ахун да толғауларында жырға қосты:*

*Сөз айтайын Ақпаннан,
Сырдағы құба ақ талдан.
Ақпан деген ауылым,
Аумаитын басқа бақ қонған.
Қарсыластары Ақпаннан
Табанға түсіп тапталған.
Неше түрлі халыққа
Ерлігі артық мақталған.
Ғұмыры тәмам болғанша
Жері жоқ жаудан тоқталған...
(Ыбырайым ахун Құлбайұлы).*

Ақпан Келімбердіұлының мәңгілік мекені қазіргі Ақтөбе облысы Хромтау ауданы жеріндегі Орь өзені бойында. Осы жерге ұрпақтары арнайы белгі қойып, батырдың кесенесін республикалық тарихи-мәдени ескерткіштер реестріне қосты. Маңғыстау жерінде Ақпан батырдың атымен аталатын жер-су аттары да жеткілікті. Бейнеу ауданының Сам құмы, Шағырлы бетінде, Тұрыш ауылының солтүстік жағында 45 шақырым жерде «Ақпанның үйігі» деп аталатын тарихи қорым бар. Маңғыстау өңіріне белгілі шежіреші қария Естерек Жаманбаевтың 1993 жылы «Жаңа өмір» газетінде: «Доңызтау жағында Ақпанның үйігі деген қорым бар. Ол – Келімбердінің Ақпаны үйген үйік» деген мазмұндағы

мақаласы жарық көрген. Белгілі этнограф Серікбол Қондыбай өзінің еңбектерінде Маңғыстауда Ақпан есімімен атала-тын бірнеше жер, құдық аттарын атап көрсеткен. «Сеңгір құмының (Қарақия ауданы) оңтүстік-шығысында Ақпан сор, Жабайұшқан тауының оңтүстік ернеуінде Ақпан тауы бар. Тау ішінде көрік ұстап, кеуекті ұстахана қылып пайдаланған Ақпан үңгірі, одан 3 шақырым жерде Ақпансордың жағасында Ақпан құдығы бар. Бұл жерлер Адайдың немересі Ақпан есімімен аталған» деп тайға таңба басқандай анық жазып кеткен (С.Қондыбай. Толық шығармалар жинағы, 13-том, 33-бет).

«Ақпан үйігі — жер аты. Үстіртте, Сам құмының Шағырлы бетіндегі төбе. Аңыз оны Адайдың немересі Ақпандікі дейді» (С.Қондыбай, «Маңғыстаудың жер-су атаулары», 28-бет). «Арыс атасы Ақпан Адайдың айтулы батыры болған, құралайды көзге атқан мергені, қыран топшылы аңшысы, көңілі шалқар, жүрегі қобалжу білмейтін тайсалмас, ешкімнен тетку (түрткі) көрмей өскен жанға ұқсайды...» (Ж.Жылқышыұлы, «Адай шежіресі», 3-том, 209-бет). «Бірінші Адай болысының құрамындағы Ақпан ауылы жазда Жем өзенінің екі жағын жағалап, Оймауыт, Сам құмын, қыста Бостан құмы мен Сахар тауы етегінде, Шерқала тауына дейін келеді.» («Особенности сельского хозяйства Адайского уезда», под руководством М.В.Ларина, Б.К.Щелокова, «Лениздат», 1928 г.).

Тағы бір тілге тиек ете кетерлік тұсы — белгілі орыс зерттеушісі, он тоғызыншы ғасырдың танымал саяхатшысы Г.С.Карелиннің Қазақстан аймағын зерттеуге қосқан үлесі зор. Ол Орынбор губернаторының тап-сырмасы бойынша Қазақстандағы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауына экспедицияға шығып, Өлі қолтық, Қашақ шығанақтарын, Бозашы түбегін, Үстірттің Солтүстік батысын зерттеген. Каспий теңізінің Солтүстік-шығыс бөлігінің және оған іргелес аудандардың картасын жасаған. Таңбалар жиыны қатынасы Карелиннің халық саны туралы есебі бойынша Маңғыстауды Кендірлі түбегіне дейін толық иемденген қазақтар туралы мәліметінде «Балықшы ауылдарынан 300 ұй, Ақпаннан 200 ұй» деп қатар айтылған осы маңайды қоныстанғандар туралы деректерге сай бұл қоныстың

Адайдың Ақпанының атына ғана қатысы барлығын қуаттайды».

Бұл мәліметке жоғарғы Адай ара-сын мекендеген 700-дей, Бөкей орда-сын мекендеген 100-дей Ақпан үйлері кірмеген. Осы арадағы қорымда «Адай таңбасы» – жебе белгісі қойылған зираттар басына да ортақ стела қойылған. Ақпан батыр туралы өлкетанушылар Алшын Меңдалиевтің «Адай шежіресі», Қамысбай Қаржаубайлының «Адай уезіндегі болыстар» кітаптарында, Бектұр Төлеуғалиұлының, Асан Әбдіровтың, Есберген Іңірбайұлының, Қаржаубай Рейімбайұлының кітаптары мен мақалаларында молынан кездеседі. «Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор» деп атап көрсетті Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ақпан Келімбердіұлының тарихи тұлғасы, батырлық, ерлік істері де тарихи таразылануда. 2021 жылғы желтоқсан айында Ақпан батырдың 490 жылдығына арналған Ақтаудағы республикалық конференцияда және 2022 жылы Ақтөбедегі С.Бәйішев атындағы университетте өткен ғылыми конференцияда Ақпан Келімбердіұлының тарихи тұлғасы талқыланды.

Ақпан Келімбердіұлы туралы ғалымдар Өмірзақ Озғанбай, Жұманазар Асан, Бекежан Ахан, Киікбай Жаулиннің зерттеулерін тарихи таразылай отырып түйіндегеніміз. Ол Ақпан батыр Келімбердіұлының тарихи тұлға ретіндегі батырлық және сардарлық қызметі. Қазір заңды түрде қалыптасқан Қазақстанның батыс өңірінің тарихи шекарасының орнығуына мұрындық болуы, яғни осы аймақтағы Ноғай ордасына бағынған ру тайпаларды қазақ хандығына біріктіруі. Қазақстанның батыс өңірінде орныққан қазақ мемлекеттілігінің алтын діңгегі этникалық ру тайпаларды жерге орналастырып, олардың жаз жайлауы мен қыс қыстауын айқындап беруі. Қазақ әскери өнеріне және қолбасшылық тұлғасына, сардарлық әскер басқару мен соғыс тактикасын дамытуға қосқан қомақты үлестері.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Оқу ордасының ғылыми «Хабаршысы»

Журналистикада ғәм публицисти-када қоғамдық-саяси немесе әдеби-мәдени, тарихи-танымдық бағыттағы басылымдар қандай маңызға ие болса, ғалымдар үшін ғылыми басылымның, яки «Хабаршының» рөлі соншалықты жоғары болатыны кәміл. Бұл тұрғыда биыл 85 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан білім мен ғылымның қара шаңырағы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жанынан 1996 жылдан бері оқу орнының «Хабаршы» ғылыми журналы жарық көріп келеді.

Жылына төрт рет – наурыз, ма-усым, қыркүйек, желтоқсан айла-рында шығарылатын журналда теориялық, эксперименттік, ізденушілік сипаттағы, қолданбалы құндылығы бар, отандық және шетелдік авторлардың әдіснамалық және әдістемелік бағыты бар шолу, сахналанған және ақпараттық мақалалары, сондай-ақ бұрын жарияланған еңбектерге қысқаша түсініктемелері бар еңбектер жария-ланады. Нақтылай түссек, бұған пе-дагогика және психологияның тео-риясы мен әдіснамасы, экономика мен құқықтың өзекті мәселелері, та-рих пен археологияның қазіргі заманғы көзқарастары мен зерттеулері саласындағы теориялық және қолданбалы мәселелердің кең спектрі бойынша мақалалар жатады.

Басылым негізінен «Тарих және ар-хеология», «Педагогика және психоло-гия», «Экономика» және «Құқық атты төрт тақырыптық бағытты қамтиды. Басты мақсат – қазақстандық ғылыми-ақпараттық жүйенің бөлігі ретінде ма-териалдарды жариялау арқылы жоғары оқу орындарында ғылыми коммуни-кацияларды дамытуға жәрдемдесу, ғылыми мектептер журналы мен бағыттарын қалыптастыру, басым тарихи-археологиялық, педагогикалық-психологиялық, экономикалық, заң ғылымдарын зерттеулерінің ақпараттық қолдау, прогрессивті ғылыми идея-ларды танымал ету міндеттерін атқаруға қатысу.

Журнал сонымен бірге тарихи-археологиялық, педагогика-психологиялық, экономикалық, заң

ғылымдарының жетекші ғалымдары мен тәжірибелі мамандары арасында диалог пен білім алмасу үшін ақпараттық алаң болып есептеледі.

Ал материалдарды мұрағаттау мәселесіне келсек, ғылыми журналдың электрондық нұсқалары қорды қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық са-раптама орталығына ұсынылады және мұрағаттау білім ордасының ғылыми кітапхана каталогында, ғылыми элек-тронды Elibrary.ru кітапханасында жүзеге асырылады.

Редакцияға келіп түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде екі жақты шолудан өтеді (рецен-зент қолжазба авторларын білмейді, қолжазба авторлары рецензенттерді білмейді). Қолжазбалар бағалау үшін екі рецензентке жіберіледі. Рецензиялауды редакциялық кеңес және редакциялық алқа мүшелері, сондай-ақ шақырылған тиісті саланың жетекші мамандары жа-сайды. Рецензиялау мерзімі 4 аптаға дейін жалғасады, бірақ рецензенттің өтініші бойынша ол ұзартылуы мүмкін. Рецензиялардың түпнұсқалары журнал редакциясында бес жыл бойы сақталады.

Материал жариялау бойынша барлық сұрақтарға келесі байланыс деректері бойынша жауап алуға болады. Телефон: 8 (7122) 27 63 05 факс: 8 (7122) 27 63 23, веб-сайт: www.vestnik-asu.kz.

«ХАБАРШЫ» ЖУРНАЛЫНДА МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУ ШАРТТАРЫ:

- Бұрын баспа және/немесе электронды нұсқада жарияланбаған барлық ғылыми мақалалар үш тілде қабылданады: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.
- Редакция мәтінге мақаланың мағынасы бұрмаланбайтын редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
- Журналдың бір нөмірінде автор бірлескен авторлықты қоса алғанда бірден көп емес мақаласын жария-лай алады.
- Мақаланы рәсімдеу параметрлері: бет – А4, кітаптың бағдарлануы, ені бойынша туралануы, барлық жағынан шеттері – 20 мм. Қаріп: типі – Times New Roman, өлшемі (кегель) – 12, жоларалық интервал – 1, «Азат жол» шегінісі – 1,0 см.
- Көлемі (5 беттен бастап) 10 беттен аспауы тиіс. Бұған қазақ/орыс және ағылшын тілдеріндегі аңдатпа, негізгі сөздер, әдебиеттер тізімі, референс, автор туралы мәліметтер кірмейді.
- Докторанттар мен магистранттардың еңбектері ғылым докторы немесе кандидатымен, сондай-ақ PhD доктормен бірлесіп жазған жағдайда ғана жариялануы мүмкін.

«МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫ ҚАЛАМЫМДЫ ҰШТАДЫ»



Әдебиет – жүректің үні, жанның айнасы. Қазақтың қара өлеңінің құдіретін ұғындырған Мұқағали Мақатаевтың жырлары менің сөз өнеріне деген сүйіспеншілігімді оятты. Ақын жырларындағы шынайылық, қарапайым сөзбен өрілген терең философия, туған жерге, анаға деген махаббат менің журналистикаға деген қызығушылығымды оятып, қаламымды ұштауға себепкер болды.

Мұқағали өлеңдерінде жалған бояу, жасандылық жоқ. Оның әрбір жыры өмірінің өзінен алынғандай әсер етеді. «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» деген ақын сөзінде шындық бар. Ол махаббатты да, сағынышты да, қуаныш пен мұңды да бар болмысымен жырлады. Осындай табиғилық мені журна-лист ретінде шынайы жазуға, ақиқатты іздеуге үйретті.

Маған атамыздың барлық өлеңдері ұнайды,

әсіресе «Шыда, шыда» өлеңі. Себебі алғаш сахнаға шыққанымда осы өлеңін айтқан бо-латынымын. Сахнаға жасалған бірінші қадам әр адамда қобалжу туғызатыны анық. Мен де дәл солай қобалжыдым. Дұрыс айта алмай қалсам деген қорқыныш сезілді. Сахна төріне шыққаным сол еді, бойыма тылсым күш-қуат дарып, өлеңді мәнерлеп оқуды жоғары деңгейде орындап шықтым.

Ол кісі тұңғыш дикторлардың бірі болғандығын білеміз. Мектеп оқып жүрген кезде атамыздың жолын қуып, атақты диктор боламын деп мақсат қойып, журналистика мамандығына оқуға түстім. Журналистика – тек ақпарат та-рату емес, ол өмірді суреттеу, халықтың үні болу. Мұқағали поэзиясы маған осы шынайылықты сезінуге, сөздің қасиетін ұғынуға көмектесті. Қарапайым сөздің астарында қаншама мағына жатқанын, ойды терең жеткізудің мәнін ақынның жырларынан таптым. Журнали-стика саласында әрбір сөз бен сөйлемнің өзіндік салмағы бар. Мұқағали Мақатаевтың жырлары менің ой-өрісімді кеңейтіп, кәсіби бағытымды осы бастан айқындауға сеп болды. Оның қара өлеңі өмірді еш боямасыз шынайы жырлаудың қажеттігін үйретті.

Қазір де менің қаламым Мұқағали жырла-рынан қуат алып, оның биік поэзиясына бас иеді. Өлеңнің ұлтылығын ұқтырған ақынның мұрасы әр қазақ үшін сарқылмас рухани азық болары сөзсіз.

Әділхан НҰРСҰЛТАНОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Аты-
рау университетінің
3-курс студенті

Рух!



Құндыз МАҚСАТОВА,
Орыс тілі және әдебиеті
мамандығының
2-курс студенті

Поэзия

МИМОЛЁТНЫЕ ЧУВСТВА

Влюблённость мимолётна, как рассвет,
И оставляет за собой лишь след.
Не торопись симпатию звать любовью,
Она укроет сердце лишь болью.
Когда затихнет плач, пройдёт гроза,
Его тоска зажжёт былые небеса.
Но вновь начнётся старый, битый круг,
Где боль — сценарий бесконечных разлук.
И он поймёт, но слишком будет поздно:
Ты – та звезда, что гаснет безмолвно.

Ты говоришь мне забыть...
Забыть те дни, где мы были близки,
А не просто знакомы.
Забыть те дни,
Когда мы просто были влюблены.
И когда я все забываю – появляешься ты,
Нарушая звук моей тишины,
Уходишь также не простившись,
Принося много бед.
И в сердце моём навсегда,
Ты оставил жгучий след.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

 АТЫРАУ UNIVERSITY Қазақстан Республикасы Атырау қаласы Студенттер даңғылы, 212	Редакция: Г.Қайырғалиева – кеңесші Ө.Кенжеахметов – бас редактор П.Тулин – дизайнер-бет құрушы Е.Қабделов – фотограф «Университет» газетінің меншікті тілшілері: А.Қалиматова Ж.Қалым Н. Жаңбырбай электрондық пошта – media@asu.edu.kz	Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады. Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0274. Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй Таралымы 500 дана
---	--	---